беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына және Ақтөбе облысының білім басқармасының 20 қыркүйектегі №398 бұйрығына және Байғанин ауданының білім бөлімінің 06 қазандағы №191 бұйрығына сәйкес мектептің тәрбие жұмысының жоспары құрылып, үш құндылық бойынша, он жоба негізінде жүйелі жұмыстар жүргізілген.

2024-2025 оқу жылының 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспарды ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 сәуірдегі №130 бұйрығымен рәсімделе отырып, 2023 жылдың 31 тамыз №1 педкеңес шешімімен бекітілген.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. *K.mukhanbetkaliuly_omg* инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында 2022-2023 оқу жылында «Әкеден кеңес» әкелер мектебі, «инабат» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы, «Даналық» мектебі клубы құрылып, жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жасаған. Сонымен қатар «Парасат» ер балалар клубы, «Инабат» қыз балалар клубы, «Тәртіп сақшылары» патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 30 қыркүйек күні, 2023 жылдың 01 қыркүйек күні, 2024 жылдың 17 қыркүйек күні, мектеп директорының №12 бұйрық негізінде мектеп парламентінің сайлауы болып мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

2022-2023, 2023 – 2024, 2024-2025 оқу жылы «Мектептің өзін – өзі басқару» - жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған.

Құқық және тәртіп фракциясы бойынша «Құқықтық мәдениет» жобасы аясында жалпы 5-11 сынып оқушыларына әр сынып деңгейінде тәртіп министрінің ұйымдастыруымен ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдарын сонымен қатар мекетепшілік ережелермен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Әр ай сайын құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды және айына 1 рет суық қару алып жүру, оқулық , мектеп формасын сақтау жөнінде мектепшілік рейдтер ұйымдастырылды.

Ақпарат фракциясы бойынша «Жаңалық жаршысы» жобасы аясында ұйым мүшелері мерекелік күндерге арналған қабырға газеттерін шығару жұмыстарын үнемі атқарып отырды. Атап айтсақ ұстаздар күніне арналған «Ұлағатты Ұстазым», тілдер мерекесіне орай «Тіл ұлттың жаны», қарттар мерекесіне орай «Қарттарым асыл қазынам», Тұңғыш президент күніне орай «Ел басқарған – Елбасы», Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік тірегім» тақырыптарында қабырға газеттерін шығарды. Ұстаздар мерекесіне орай «Менің ұстазым» тақырыбында блогтар айдарын жүргізді.

Спорт және салауатты өмір салты фракциясының «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын» жобасы аясында әр ай сайын медицина қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды. Негізгі басымдылық спорттық шараларға аударылып әр сынып деңгейінде спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Таза мектеп – таза сынып» акциялары ұйымдастырылып сыныптардың тазалығын қарап, аралау жұмыстары жүргізіліп отырады.

«Өзін – өзі тану және бақыт» фракциясы «Сүйіспеншілік жүректен» жобасы аясында «Жан қазынасы – адамгершілік негізі», «Әдеп – ең қымбат мирас», «Толеранттылық әлемге жол» тақырыптарында дөңгелек үстел өткізілді.

Қайырымдылық фракциясы «Ашық жүрек» еріктілер клуб жобасы аясында Қарттар күніне орай қарты бар үйлерге көмек көрсету, мерекемен құттықтау шаралары өткізілді. Сонымен бірге басқа да қар тазалау жұмыстары жүргізілді. Отбасы күніне орай «Менің –Отбасым» қайырымдылық акциясы өткізілді. Мүгедектер күніне орай «Мейірімділік жүректен» үйден оқытылатын оқушыға сыйлық жасалды.

Дебат қозғалысының фракциясының «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында мектепшілік турнирлер өткізілді. Атап айтқанда «Қоғамдық тәртіп негіздері», «Білім артық па, байлық артық па?», «Әлемде мейірімділік бар ма», «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» тақырыптарына дебаттар өткізілді.

Экология және еңбек фракциясы «ЭКО START» жобасы аясында «Күздің керемет көріністері» фото байқауы, «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақтар, «Менің ағашым» өз аулаларында ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді. Еңбек бағыты бойынша мектепшілік қол өнер үйірмелерінің көрмесі өткізілді.

Мәдениет және өнер фракциясы «Өнері өрен» жобасы аясында «Талант шоу» мектеп оқушылары арасында өнер байқауы өткізілді. Мәдениет бағыты бойынша ауданнан шыққан ақын – жазушыларға арналған поэзиялық кеш, Тәуелсіздіктің 32 жылдығына «Тәуелсіздік тұғырым» мерекелік кеш өткізілді.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып 2022-2023 оқу жылында 85 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 121 оқушы, 2024-2025 оқу жылында 88 оқушы «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданған. Мектепте балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2022-2023 оқу жылында тәлімгер Алдабергенова Ақторғын Тұрақбайқызы тағайындалған. Жас ұлан ұйымының апталық, айлық, жылдық жоспарлары, 7 бағытқа арналаған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. 2022-2023 оқу жылында ұйым жеті бағыт бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп, Байғанин жастар ресурстық орталығымен «Ашық жүрек» еріктілер клубымен ынтымақтастықта жұмыс жасады. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, Гимні бар.

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2022-2023 оқу жылы	46	57
2023- 2024 оқу жылы	74	47
2024-2025 оқу жылы	49	39

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп – гимназиясында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы жоспары 2022 – 2023 жаңа оқу жылына жоспар құрылып өз жұмысын бастады. *Қыркүйек* айының алғашқы күні білім күніне орай «*Кел балалар оқылық!*» тақырыбындағы 1-11 сынып оқушыларына алғашқы қоңырау және «Әліппе» табыстау салтанатты шарасы өткізілді. Шараға аудандық білім бөлімнің әдістіскері Қожуова Айнаш Адилхановона және тұрғын үй коммуналдық мекемесінің басшысы Айсұлтан Жолдыбек Исламғалиұлы қатысты.

Қыркүйек айының екінші аптасы «Жас қыран» білім алушыларына «*Жеті жарғы*» бағыты бойынша «*Жолда жүру ережесін білесің бе?*» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Білім алушылар сурет салу барысында жол ережелерінің қағидаларын түсіне отырып өз ойларын суретке сала білді. Көрмеге 1 -4 сынып оқушылары түгелдей қатынасты. Қыркүйек айының үшінші аптасы

«Жас Ұлан» және «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізі жұмысы бойынша 1-11 сынып оқушыларының тізімі жинақталды. Осы апта ішінде «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының белсенділерімен отырыс жасалып жоспар таныстырылды.

Қазан айының бірінші аптасы 1 – Қазан Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарға көмек» акциясы жасалып 10 сынып оқушыларымен ауыл тұрғыны атаның үйіне барып мерекемен құттықтап, өмірден көрген қызықты да қиыншылық замандарды әңгімелеп берді. Қазан айының екінші аптасы алтын күз табиғат кереметтерін тамашалау мақсатында, «Күздің берген сыйы» тақырыбында табиғи материал және көк – өніс, жеміс жидектерден жасалған қол өнер көрмесі өткізілді. Көрмеге 2-4 сынып оқушылары қатысты. Белсене қатысқан білім алушыларға мектеп директорының алғыс хаты табысталды. Қазан айының үшінші аптасы «Күздің керемет көріністері» атты мектеп оқушылары ұжымдыққа тәрбиелеу, эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатында 5-10 сынып оқушыларына фото байқау ұйымдастырылды. Байқауда 10 «а» сынып оқушылары Бас жүлде, 6 «а» сынып оқушылары 1 орын, 7 «а» сынып оқушылары 2 орын, 7 «ә» сынып оқушылары 3 орын иеленді.

Сонымен қатар жоспардан тыс өткізілген шаралар бойынша 5 сынып оқушыларына «*Ұлттық мұра ұрпаққа өнеге*» тақырыбында аудандық мұражай қызметкерімен және «Көкпар» ат федерациясының президенті Медет Бағдаулеттұлының қатысуымен мектепшілік көрме ұйымдастырылды. Көрмеде ұлттық киімдер топтамасы, көне жәдігерлер, ағаш үй және ағаш үй жабдықтары көрсетілді. Көрме барысында садақ ату спорт түрі таныстырылып оқушылар садақты дайындау бойынша кері байланыс жасады. «*Ұстазым саған мың алғыс*» ұстаздар мерекесіне орай «Өзін – өзі басқару» ұйымы мектеп ішін безендіру жұмыстарын жүргізді. Қазан айының екінші аптасында мектеп – гимназиясының талантты оқушыларын анықтау мақсатында «*Ұлттық мұра ұрпаққа аманат*» тақырыбында мектепшілік ән байқауы ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «*Дармарка*» іс шарасы өткізілді. Шараға 5-7 сынып оқушылары қатысты. 18 – қазан Рухани келісім күніне орай 10 сынып оқушыларына «*Отбасындағы толерантты мінез құлықты қалыптастыру*» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «*Менің өнерім ұлтқа өнеге*» тақырыбында аудан тұрғыны суретші Алтай мен шеберлік сағаты және қол өнер көрмесі ұйымдастырылды.

Қараша айының басында «*Қыздар сұлу көрінер ақылымен*» тақырыбында қызарға арналған кездесу кеші ұйымдастырылды. Желтоқсан айында «Отан» бағыты бойынша 5-7 сынып оқушыларына «*Мен өз елімнің патриотымын*» тақырыбында бейне роликтер байқауы өткізілді. Бейнероликтер байқауында білім алушылар тәуелсіздік тақырыбында көркем сөз оқып туған елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыра білді. Сонымен қатар «Отан» бағыты бойынша мектептің 2 сынып және 5 сынып оқушыларын «*Тәуелсіз елдің Ұланымын!*» тақырыбында Бірыңғай республикалық «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты шарасы өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымына 57, «Жас Қыран» ұйымына 46 оқушы өткізілді.

«Зерде» бағыты бойынша 5 сынып оқушыларына «*Мемлекеттік рәміздер біл және құрметте*» тақырыбында викториналық онлайн ойыны өткізілді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен мерекелік кеш өткізілді. Мереке қарсаңында «*Тәуелсіздік тарих толқынында*» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Желтоқсан айының соңғы аптасында 1 – 11 сынып оқушыларына арналған әр сынып деңгейінде «*Жаңа жыл 2022 жыл*» жаңа жылдық мерекелік шаралар өткізілді.

Руханият бағыты бойынша Қаңтар айының басында 9 – 11 сынып оқушыларына «*Мектептегі бір күнім*» тақырыбында бейне роликтер түсіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар салауат бағыты бойынша 7-8 сынып оқушыларына «*Денсаулық әлде ақша*» тақырыбында дебат ұйымдастырылып оқушылар өз ойларын ортаға салды және «Спорт біздің досымыз» тақырыбында 3-4 сынып оқушыларына спорттық ойыннан жарыс ұйымдастырылды. 7 сынып оқушыларына «Дені сау ұрпақ, ел болашағы!» ұлттық ойындардан жарыстар өткізілді.

Еңбек бағыты бойынша Қайырымдылық жасау мақсатында мектеп – гимназия оқушылары «Қайырымдылық асыл қасиет» ұранымен түрлі пісірмелер пісіріп әкеліп жәрмеңке ұйымдастырды. Түскен қаражатқа мектептің әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға киімдер алынып берілді.

Зерде бағыты бойынша 4 сынып оқушыларына «Ол кім, бұл не?» тақырыбында викториналық сұрақтар қойылды.

Сонымен қатар 1 – наурыз алғыс айту күніне орай ұйым оқушылары мектеп фаесін әсемдеп ұстаздарға ерекше ілтипат көрсетіп мерекелік көңіл күй сыйлады. «Ұстазға хат» жобасы аяысында ұздасдарға тілек хатын жолдады. 8 – наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Ана өмірдің тірегі» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырып жалпы ата – аналар қауымын концертке шақырды. 22 – наурыз «Ұлыстың ұлы күні» қарсаңында 1-11 сынып оқушылары «Наурыз мерекем, салт дәстүрім берекем тақырыбында» сыныптан тыс шаралар ұйымдастырды.

Оқу жылының соңғы тоқсанында еңбек бағыты бойынша 9-11 сыныптарға арналған кәсіптік бағдар беру негізінде «Мамандық дұрыс таңдай білейік тақырыбында» танымдық сабақ өткізілді. Руханият бағыты бойынша «Жақсы көңіл күй жан азығы» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларына арналған тренинг өткізілді. Және осы бағыт бойынша «Театр өнері» тақырыбында салт дәстүрлерге байланысты қойылымдар қойылды.

Отан бағыты бойынша 9 мамыр жеңіс күніне арналған «Жеңіс күндері» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына арналған бейне роликтер көрсетілді. Сонымен қатар 1 – 11 сынып оқушыларына арналған соңғы қоңырау салтанатты жиын өткізілді.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі бойынша 1-әлеуметтік педагог, 2- педагог-психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты,білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылған. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген, отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша -24 сынып жетекші, 2023-2024 оқу жылы бойынша -25 сынып жетекші , 2024-2025 оқу жылында – 27 сынып жетекші тағайындалған.

2023 жылдың 1 қыркүйек мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» №38 бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2023 жылдың 1 қыркүйек мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» №2 бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Маратова Гүлімжан Адайқызы тағайындалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған. 2022 жылдың 28 қаңтар күні Ақтөбе олыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Ата-аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында онлайн форматта ұйымдастырылған облыстық семинарға 3-сынып жетекші, 16 ақпан күні өткен облыстық «Класс жетекшілердің қызметін ұйымдастырудағы заманауи әдістері» онлайн семинарға 10-сынып жетекші қатыстырылған. 27 сәуір күні өткен «Заманауи мектепте жас класс жетекші тұлғасын қалыптастырудың тиімділігі: теориясы, тәжірибесі, перспективасы» тақырыбындағы класс жетекшілерге арналған облыстық семинар-практикумға 1 сынып жетекші қатысқан.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	24	22	2
2023-2024 оқу жылы	25	23	2

2024-2025 оқу жылы	27	25	2
--------------------	----	----	---

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санатты	Педагог
2022-2023	8	8	1	-	1	6
2023-2024	6	13	4	-	2	5
2024-2025	6	10	4	-	-	7

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған. 2022 – 2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының негізгі құндылықтарын жүзеге асыру арқылы, салауатты және рухани дамыған, интеллектуалды, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік ролдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

2023-2024 оқу жылындағы жүргізілетін жобалар:

«Дебат» қозғалысы;

«Оқуға құштар мектеп»

«Аналар, әкелер мектебі»

«Қоғамға қызмет»;

«Бала және театр» жобасы.

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру және ұлттық құндылықтар негізінде бірлескен жұмыстар жасалған.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты қалыптастыру»

Тәрбие жұмысын жүзеге асыру мақсатында жүргізілетін жобалар:

«Тоғыз ай тоғыз іс-шара» жобасы»

«Төрт тоқсан – төрт өнер жобасы»

«Ата-аналар мектебі» жобасы

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

«Ұшқыр ой» жобасы

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы

«Балалар және театр» жобасы

2022-2023 оқу жылдарында «Тоғыз ай тоғыз іс – шара » жобасы аясында «Сергіту сәті» челленджі орындалды. Шарада 3 сынып ата-аналарымен оқушыларының арасында спорттық сайыс,

«Әнұраным әр жүректің түбінде» тақырыбында Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп – гимназиясының 1-11 сынып және мектеп ұжымы бірыңғай әнұран орындау

челленджі, Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе асық ату ойынына байланысты 5 сынып оқушыларына арналған асық ату ойыны өткізілді. Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін

арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады. «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол» т.б. ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтасты туралы ойлануына негіз болатын тақырыптарды ұсына отырып «Болашаққа хат» тақырыбында эссе жазу жұмысы жүргізілді. «Тоғыз айға, тоғыз іс - шара» жобасы аясында 8-10 сынып оқушыларына «Қазақ есебі» челленджі орындалды. Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді. «Оқуға құштар мектеп» челленджі орындалды. Челлендж аясында 10 сынып оқушыларына «Оқырмандар конференциясы» өткізілді «Оқуға құштар мектеп» челленджі отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттауға, білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талдау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашалық қиялын қалыптастыруға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар челлендж білім алушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға да негіз болады. 5-11 сынып және мектеп ұжымымен «Домбырашылар» челленджі орындалды.

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп – гимназиясында «Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасы аясында айтыс өнері берілген, десе де оқушылардың жазба өнерін пайдаланып жазба ақындар мүшайрасы ұйымдастырылды. Жалпы айтыс өнері Айтыс – қазақ халқының бай ұлттық мұраларының бірі, импровизатор-ақындардың сайысы. Айтыс – қазақ әдебиеті мен фольклорының поэтикалық жанры, халық ауыз әдебиетінің танымал түрі. Айтыс – халық мерекелерінде және жәрмеңкелерде импровизатор-ақындардың топ алдында суырып салып айтылатын поэтикалық сайысы, домбыраның сүйемелдеуімен орындалады. Айтыс – қазақ халқының жүрегі мен жаны. Айтыстың көмегімен ақындар қазақ халқын толғандырған ойларын, тілектері мен армандарын жеткізді. Айтыс өнері – заманауи рэп-баттлдарды еске түсіретін ақындар сайысы. Айтыстың негізгі элементі – екі ақын арасындағы импровизация және өз ойларын ерекше жеткізу қабілетін көрсететін сайыс. «Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасы аясында наурыз мерекесіне орай 1-11 сынып оқушыларына «Нұр себеле Әз наурыз» мерекелік концерт, «Бабаларымнан қалған асыл мұра» сахналық қойылымдар, «Ұлттық киім ұлт қазынасы» тақырыбында ұлттық киімдерден дефиле ұйымдастырылды. Мақсаты ұлттық өнерді, ұлттық қол өнер бұйымдарын, ұлттық киімдерімізді және салт – дәстүрлерімізді дәріптеу болып табылады. Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп – гимназиясында «Ата -аналар» клубының жұмыс жоспарына сәйкес мектеп психологының ұйымдастыруымен «Отбасы алтын діңгек» тақырыбында 11 сынып ата-аналарына психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп – гимназиясында «Ата -аналар» клубының жұмыс жоспарына сәйкес 5 – сынып ата-аналарымен кездесу жасалды. Мақсаты жоғары буынға көшкен оқушылардың бейімделуіне ықпал жасау, ата-аналармен тығыз байланыс орнату. «Ата –ана тәрбиенің ең басты құндылығы» тақырыбында 1-11 сынып ата-аналарына жалпы ата-аналар спартакиадасы, 1-11 сынып ата-аналарына «Ата – ана қоғам ұйытқысы» жалпы ата-аналар жиналысы, 5-9 сынып ата-аналарына арналған «Анам пісірген тағам» жәрмеңке, 1-4 сынып ата-аналарына «Ана өмір шырағы» аналарға арналған ашық хаттар, 1-11 сынып ата-аналарына «Аналар асыл жандар» психологиялық тренинг, 1—11 сынып ата –аналарына «Ана өмір шуағы» тәрбие сағаттар, «Ата – ана қоғам ұйытқысы» жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челленджеріне орай бейнероликтер түсіріліп, "Жеңіс туы желбіресін!" атты челлендж, 2 - білім алушы қазақ даласының інжу- маржаны аталған Бурабай демалыс орнына экскурсия жасаған, қарттар күніне орай ауыл ақсақалдарын мерекемен құттықтап, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» челленджі, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған “Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!” атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық

бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында ұйымдастырылған “Алтын жүрек” чөлентжіне қатысқан.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. 2022-2022, 2022-2023 оқу жылында Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп – гимназиясында «Лидер Q» дебат клубы құрылған, жетекшісі Шекернаев Мейрамбек дебат клубына 15 оқушы мүше. Дебат клубының жылдық жұмыс жоспары жасалған және жоспарға сәйкес төмендегідей жұмыстар жүргізілген:

Қыркүйек айында дебат клубына мүшелер тартылды, жұмыс жоспары нақтыланды. 27 қыркүйек күні «Білім артық па, байлық артық па?» тақырыбымен мектепшілік пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды. Турнирге «Білім» және «Байлық» топтары қатысты. Турнир қорытындысында «Білім» тобы жеңіске жеткен. «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында мектепшілік пікірсайыс турнирі, «Тарих.Тағылым. Тәуелсіздік» атты тарих-құқық пән бірлестігінің жоспары негізінде «Тәуелсіздік тарихтың төл тартуы» атты дебат сағаты өткен. Дебатқа «Қыран» және «Тұлпар» топтары қатысып, өз көзқарастарын ашық та жүйелі етіп дәлелдеп, өз ұстанымдарын ұсына білген. 21 қаңтар күні өткізілген Ұлттық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде дебат клубының мүшелері қатысып, Алғыс Хатпен марапатталған. 5 ақпан айында «Интернетке тәуелділік» атты мектепшілік дебат турнирі өтті. Турнирге 6-7 класс оқушылары қатысқан. 23 ақпан күні «Кімге алғыс айтар едің?» тақырыбымен мектепшілік дебат өткен.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2024-2025 оқу жылында жоспар бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қыркүйек айынан бастап іс-шаралар өткізіліп келеді. Төмендегі іс-шаралар жоспарға сай жүргізілді.

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясында 5 қыркүйек – Тілдер мерекесіне орай «Тіл – қымбат қазына» атты апталығы аясында бірнеше шаралар ұйымдастырылды, оқырмандар үшін көрме жасақталды.

-Қазан айында 25 қазан -Республика күніне орай «Отаным-бақыт ордасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.Көрмеге 1-11 сынып оқушылары қатысты. Көрмеге қойылған кітаптар туралы айтылып, оқушыларға Республика күні дәріптелді.

Қазан айында мектеп-гимназиямызда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқырман ана-оқырман бала» ата-аналар сауаттылық сағаты өткізілді. Ата-аналарға балаларды кітап оқуға тартуда ата-ананың рөлі қаншалықты маңыздылығы айтылып, кітап оқуды сүйікті ісіне айналдыруда қандай шаралар қолдануға болатындығы жөнінде ақпараттар беріліп, ата-аналардың ой -пікірлері тыңдалды. Шара мақсаты-балаларды кітап оқуға шақыруда бірлескен жұмыс арқылы ата-ана мен мектеп арасындағы тығыз қарым-қатынас орнату және ата-ананың рөлі қаншалықты маңызды екені түсіндіру.

"Жаңа кітап - жаңа әлем" оқырмандар конференциясы ұйымдастырылды. Конференцияда оқушыларға кітаптар туралы қысқаша ақпарат беріліп, балалардың оқыған кітап туралы пікірі тыңдалды.

Қараша айында "Кітап - ғұмырлық байлық" атты кітапханаға кітап сыйлау акциясына 1-11 сынып оқушылары ат салысты. Кітапхана қоры 1 "Б" сынып оқушыларының М.Иманжановтың "Алғашқы айлар" шығармасымен, 2 "Ә" сынып оқушыларының "Шақпақ тас","Аққу-қаздар", " 5 ертегі" атты ертегі кітаптарымен, Ш.Мұртазаның "Қызыл жебе" шығармасымен, 3 "А" сынып оқушыларының "Арыстанбаб және оның кесенесі" кітабымен, 6 "А" сынып оқушыларының "Көшбасшылық" кітабымен, 7 "Ә" сыныбының "Әдеби жәдігерлер" кітабымен және 8 "А" сынып оқушыларының Ф.Достоевский, Л.Толстой, Ч.Диккенс секілді шетел әдебиеті классиктерінің шығармаларымен толықты. Сыйға тартылған бұл кітаптар мөрленіп, тізімге тіркелетін болады.

Сонымен қатар, акцияға белсенді қатысқан кішкентай оқырманымыз 1 "Б" сынып оқушысы Берекет Омар Омар Жәлелұлының "Харекет"атты философиялық кітабын сыйға тартты.

- Желтоқсан айы бойынша «Ақын елдің- ардағы» атты жергілікті ақын-жазушылармен кездесу кеші ұйымдастырылды. Кеш мақсаты жергілікті ақын-жазушыларды оқушыларға таныстырып, шығармашылығын насихаттау. Кездесу кешінің қонақтары жерлес ақындарымыз - Шәндін Ерболат Аманғосұлы мен Жеткірбаев Айнабек Асхатұлы. Әдемі әнмен өрілген кеш барысында оқушыларға кеш қонақтарының өмірбаянынан шағын ақпарат беріп, қос ақынның қаламынан туған жыр

туындылары оқылып, мектебіміздің жас ақыны 8 «б» класс оқушысы Ақназар Айшаның «Ақын жаны» атты өлеңі көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар ақындық өнер, шығармалары туралы оқушылар сұрақ қойып, тұшымды жауап алды. Мектебіміздің ардақты ұстазы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Темірбай Жанат Смадиярқызының осындай кештің тәрбиелік мәні ерекше екенін айта отырып, ыстық лебізін білдірді. Кеш соңында ақын жерлестерімізге естелік ретінде кітап сыйға тарту етілді. Барлық бейнероликтер мектеп кітапханасы мен мектеп инстаграм парақшасына тіркелді.

«Мен оқыған кітапты сенде оқы!» тақырыбында әдеби-эстафета 5-8 кластар аралығында өткізілді. Байқау шарты бойынша берілген 10 кітап мұқабасынан кітаптың авторын, кітап атауын ажыратып, мазмұнын және кітап туралы ойын жазып эссе тапсырған болатын. Осы тапсырылған жұмыстарды қарау үшін арнайы төмендегі пән мұғалімдерінен комиссия құрылды.

1. Темірбай Жанат Смадиярқызы- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
2. Алиева Лариса Муратовна - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
3. Алжанова Жадыра Косыбековна - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Комиссия шешімімен эссе арасында ең үздік пікір анықталып, марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап...» тақырыбында оқыған кітаптарын жарнамалау мақсатында 10 «Ә» сынып оқушысы Шәриева Мейіргүл қазақтың көрнекті ақыны Төлеген Айбергеновтың «Бір тойым бар» жыр жинағын және 8 «А» оқушысы Нұраш Нұрханым қаламгер Төлен Әбдікұлының «Оң қол» әңгімесін жарнамалай отырып, оқуға кеңес береді.

Мектеп оқушыларының қысқы каникул кезінде бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты жобасына оқушылар қатысып, оқыған кітаптары туралы пікірлерін білдірді. Барлық бейнероликтер мектеп кітапханасы мен мектеп инстаграм парақшасына тіркелді.

Мектеп оқулықтарының сақталуы бойынша айына 2 рет рейд өткізілді. Рейдтің мақсаты- балаларды кітапханалық оқулықтармен дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету. Тексеру 1-11 сыныптар аралығында өткізілді. Сабақта оқулықтардың болуы, мұқабаның болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексерілді. Шараға әр сынып оқу секторлары мен кітапханашысы қатысты.

Тексеру нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

Оқушылардың көпшілігі оқулықтарды жақсы жағдайда ұстайды, оларды мектеп кестесіне сәйкес алып жүреді және тамыз айында оқулықтарды алған кезде барлық оқушылар танысқан оқулықты пайдалану ережелеріне сәйкес оның санитарлық жағдайын қадағалайды. Оқулықтары мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін оқушылармен рейд барысында сыныптарда "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау " топтық және жеке әңгімелер өткізілді. Бұл негізі орта сыныптарға арналады. Бастауыш және жоғары сынып оқушыларында оқулықтар жақсы жағдайда. 6А, 8А, сынып оқушыларының оқулыққа деген ұқыптылығын атап өтуіміз қажет. Сынып жетекшілері – Аманкелдіқызы Әлия мен Мұратқызы Лариса. Рейд барысында оқушыларға мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалғаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды.

23 -сәуір дүниежүзілік кітап күніне орай 1-11 сынып оқушыларына викториналық көрме ұйымдастырылды. Көрме барысында кітаптың шығу тарихы айтылды. Көрмеге негізгі қорды сақтау бөліміндегі сирек және құнды басылымдар қойылды. Олардың ішінде оқушылар мен ұстаздардың кітапханаға сыйға берілген кітаптары, қазақ тарихы, шежірелер бар. Кішкенттай форматтағы кітаптар мен үлкен форматтағы кітаптарды оқырмандар қызығушылықпен қарады.

Алдағы уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша шаралар жалғасын табады.

2021 – 2022, 2022-2023 оқу жылдарында «Отбасы – мектеп» жобасы бойынша, Отбасы күніне арналған «Ұлағатты отбасы – елдің тірегі» атты апталық болып, «Оқу жылының қорытындысы туралы» жалпы ата-аналар жиналыстары ZOOM платформасы арқылы және офлайн өткізілген. «Отбасы-бақыт мекені» апталығы, «Ата-анаңа қоңырау шал» тақырыбында челленджі, «Менің отбасым» асфальтта сурет салу, «Мен отбасыммен мақтанамын» фото сурет көрмесі, "Қыз бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі", «Қызым - қызғалдағым» өнеге сағаты. Дөңгелек үстелдер,

«Жасөспірімдердің арасындағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәрігер мамандармен кездесу, «Отбасындағы толерантты мінез құлықты қалыптастыру» атты дөңгелек үстел, «Бала құқықтарын құрметтеу және оның тәрбиесіне жауапкершілік» тақырыбында аналар кеңесінің отырысы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесімен таныстыру және осы мәселенің қиындығын терең түсіндіру мақсатында «Инабат» қыз балалар клубы мен «Анадан даналық» аналар мектебі өкілдерімен кездесу «Мәңгілік ел ананың жүрегінде» аналармен бірге дөңгелек үстел, «Жұлдызды сәт» отбасылық викторинасы, «Темекі шегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың зияны» тақырыбында Байғанин аудандық прокуроры Сагитова Салтанат Серикқызымен кездесу, «Қыз қылығымен көрікті» аналар кеңесі, «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» шеберлік сабағы шебер аналармен бірлесе өткізілген. «Отбасы тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың алдын – алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» кездесу кеші 9-11 сынып оқушыларына Байғанин аудандық ПБ басшысы Б.Айсіннің, Байғанин аудандық қорғаныс істері бөлімінің басшысы С.Алпысбаевтың, Байғанин аудандық сот приставы И.Аманжолованың, Байғанин аудандық әдістемелік кабинет әдіскері Н.Азовтың қатысуымен өткізілген. «Әжем айтқан ертегі» тақырыбында әжелермен кездесу, "Әкелер кеңесі" әкелер мектебі ұйымдастыруымен волейболдан, баскетболдан, футболдан, үстел теннисінен жарыстар, «Әке-өмір шырағы» тақырыбында әкелер форумы, 15 мамыр-Отбасы күніне орай мектеп медбикесі Шутиева В, педагог – психолог Төлекбаева Г "Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу" мақсатында 11 сынып қыз балаларымен "Кел, сырласайық" пікіралысу сағаты, «Менің әкем-ең жақсы адам» фото суреттер, «Мектептегі бір күн» атты ашық есік күні, «ҰБТ және түлек: сенім, жауапкершілік, қолдау» тақырыбында ата-аналар жиналысы, "Ең білімді ұл, ең талантты әке" атты мерекелік шара, «Ұлдарға өсиет» ардагер ұстаздармен кездесу және барлық сыныптарда отбасы тәрбие бағытында сынып сағаттары өткізілген. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тәуелсіздік мен үшін...» атты патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу челленджіне қатысқан.

Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту, оқушылардың көркем әдебиетке деген құштарлығы ояту, олардың жан дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты дамыту, оқырман отбасын анықтау мақсатында қазан айында «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Ақпан айында «Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» ойыны өткізілді. Мақсаты: оқушыларды «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиелеу. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында 7 «ә» сынып оқушылары өздерінің оқыған кітаптарының мазмұнымен бөлісті.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, «Тәрбие тұғыры – ұлттық мүдде» құқықтық білім беру сабақтары, "Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік" бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы ора мектеп-гимназиясында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында бопсалаушылық, күш көрсету, ұрлық жасау, тонау, алдау, тартып алу, түнгі мезгілде ата-анасыз көшеде жүрмеу тақырыбында профилактикалық жиналыс өткен. Жиналысқа полиция подполковнигі Сағынғанов Айбек және полиция лейтенанты Ізтұрғанов Ұлан, мектеп директоры Б.Ж. Нуртазина қатынасқан. 04 қазан күні мектептің жиын залында 5-11 класс оқушыларына «Бопсалау түбі - қорлық» тақырыбымен ПБ-нің қызметкері Байжанов Руслан Қайратұлының қатысуымен жиын өтті, бейнебаян көрсетіліп талқыланды. Жиынға мектеп директоры Б.Ж.Нуртазина, мектеп психологы Г.Төлекбаева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Қожабаев және класс жетекшілері қатысты. Сонымен бірге Қандыағаш жол дистанциясының қызметкерлері келіп 4-5 класс оқушыларына теміржол көлігіндегі, жол бойындағы қауіпсіздік ережелері, құқықбұзушылықтың алдын-алу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп – гимназиясында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылды. Кеңес жоспары жасалып, кеңес отырыстарының тақырыптары бекітілді. Қыркүйек айының 25 – күні кеңестің №1 отырысы өтті. Кеңес мүшелерінің құрамында ата – аналар өкілі болып Н.Жанин, оқушы Көшербаев Аймұрат

өкілдігінен сайланды. Кеңес мүшелері бұйрықпен танысып, өздеріне тиесілі жұмыстарды бөлісті.

Қыркүйек айында «Инабат» ұйымының жоспарлы жиналысы ұйымдастырылды. Жиналысқа тәрбие жөніндегі орынбасары Е.Қожабаев, мектеп психологы Г.Төлекбай, құқық пәнінің мұғалімі А.Бексұлтанова, ұйым жетекшілері А.Қыдырбаева мен класс жетекшілер қатысқан. Жиналыста мектеп ережесі, мектеп формасының қатаң сақталуы, жеке бас гигиенасы, кешкі мезгілде ата – ана бақылауынсыз жүруге болмайтындығы ескертілген. 19 қыркүйек күні мектеп оқушыларына екі кезекте де жиын өткізілген. Жиынға аудандық ішкі істер бөлімінен Р. Ерғалиев, мектеп директоры Б.Ж.Нуртазина, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Қожабаев, тәлімгер А.Алдабергенова мен класс жетекшілер қатынасқан. Жиында құқық бұзушылық, мектепке велосипедпен келмеу, жолда жүру ережелері туралы, кешкі мезгілдерде көшеде, қоғамдық ұйымдарда жүрмеу туралы қатаң түрде ескертіліп айтылған.

2023-2024 оқу жылында «Жеткіншектік жеті жарғысы» жобасы бойынша «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбымен сынып сағаттары 1-11 сыныптарда өткізілді. Оқушыларға жолда жүру ережелері туралы түсіндіріліп, мектеп инспекторларымен кездесу кештері ұйымдастырылды. Қазан айында «Өнегелі өмір» тақырыбында елге қызмет еткен ардагер ұстаздармен кездесулер ұйымдастырылды. Оқушы бойында патриоттық сезімдерін ояту мақсатында әскерге шақырушыларды шығарып салу шарасына мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары «Ел тірегі» шарасына қатысып, рух тазалығы, ұлттық құндылықтар туралы пікір алмасты. Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне орай «Қазақстан-біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» тақырыбында сынып сағаттары өтті 1-желтоқсан күні «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында дөңгелек үстел, сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Ана тілінің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ана тіліне деген құштарлықтарын арттыру.

Қаңтар айында «Туған өлке ақындарының шығармалары» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларды Байғанин топырағынан сусындаған тұлғалар өмірі мен шығармашылығымен таныстырып, жыр шумақтарын, әндерін айта отырып, туған өлкесі туралы мол мәлімет беру арқылы білімдерін нақтылап, оқушылардың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру. «Профи тайм» мамандықтар әлемінде кездесу сағаты оқушыларға мамандықтар туралы білім беруге, кәсіптік бағдар беруге бағытталған. Ақпан айында «Тарихқа тағзым» тақырыбында сынып сағаттары, наурыз айында «Таным. Тағылым.Тәрбие» тақырыбында сынып сағаттары, мамыр айында «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» тақырыбында кездесу кеші өткен.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» жобалары бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Шебер қолдар» үйірмесінің білім алушылары «ПВХ материалынан үй макетін жасау» атты шебер класс көрсетіп, теріден, сүйектен бұйымдар жасаған, қағаздан гүл және тағы басқа бұйымдар жасауды үйренген. Сонымен бірге «Қайта өңдеу үшін сұрыпта», «Эко сағат бүгінен баста» тақырыптарында бейнематериалдар инстаграм желісіне салынған, «Плоггинг» (жүгіріп жүріп, қоқыс жинау) акциясы, «Таза табиғат» экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы, «Жасыл мекен» челленджі, «Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысы, «Жердегі өмірдің пайда болуы», «Табиғат ана не туралы айтып берді?», «Су-сен өмірсің», «Экологиялық орта», «Біз планетамызды сақтаймыз!!!», «Әлемді қалай сақтаймыз?», «Менің экоүйім және ондағы барлық нәрсе», «Қызыл кітап – дабыл белгісі», «Табиғатты сақтау-өмірді сақтау», «Табиғаттағы құстардың рөлі», «Құстардың табиғаттағы рөлі», «Табиғатты аяла», «Табиғат тағдыры - адам тағдыры», «Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары», «Терезедегі жылыжай», «Экологиялық кәсіптік бағдарлау», «Туған табиғаттың түстері мен дыбыстарындағы жыл мезгілдері», «Экология - өмірдің жүрегі!», «Экология және біз», «Біз көппіз - Жер біреу» тақырыптарында экологиялық білім беру сағаттары сынып сабақтары өткізілген.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары мектепте «Ашық жүрек» еріктілер тобы құрылған. Мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырылып, «Бала жылы» жоспарына сай әлеуметтік қолдауды қажет ететін 1 отбасына аудандық мәдениет үйінде өткен концертке билет алынып, мектептегі кіші қызметкер Бағдагүл апайдың ауласының қарын тазартып, Ұлы Отан соғысы, еңбек-тыл ардагерлеріне, ардагер ұстаздарға көмектер көрсетілген. Әлем қандай тамаша!» апталығы аясында «Сүйіспеншілікке толы жүрек», «Бұл әлем қандай тамаша!», «Мейірімділік - асыл қасиет», «Сүйіспеншілік- тіршіліктің

негізгі тірегі”, “Мейірімді бала” тақырыптарында сүйіспеншілік, мейірімділік сабақтары өткізілген. 2022-2023 оқу жылы 3 жетім баланың «Отбасы банк» тұрғын үй жинақ банкіне 100 000 теңгеден салым салынған. Халықаралық қарттар күніне орай Өтесінова Айша, Отарова Ақжарқын, Сағиева Сайлаш т.б ардагер ұстаздарды мерекемен құттықтап, Наурыз мейрамы қарсаңында 5 отбасыға әлеуметтік көмек беріп, Рамазан айында көшедегі жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілеріне тегін құрма мен су таратқан. 2023-2024 оқу жылында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша «Мен еріктімін» өнеге сабағы, қайырымдылық шаралары ұйымдастырылған. Қараша айында «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында сынып сағаты өткізілген. Сонымен қатар оқушылармен бірге сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. «Менің бизнес идеяларым» жобалар байқауына оқушылар белсенді қатысқан. Өздерінің болашақ бизнесмендер есебіндегі ойларын, жобаларын ортаға салып, презентациялар қорғаған. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты сынып сағаты өткізілді. Желтоқсан айында «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында, қаңтар айында оқушылардың бойындағы адамгершілік қасиеттерді сақтай білуге, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу мақсатында «Достық–көмекпен мықты», «Өзінді мамандықтар әлемінде тап» зияткерлік ойындары, сынып сағаттары мен жоба сабақтары жүргізілген. «А» дан «Я» ға дейінгі мамандықтар викториналық ойыны ұйымдастырылған. Еңбектің қадірін білетін, кез – келген жетістікке еңбек арқылы жететінін ұғындыру мақсатында 7 сынып оқушылары Байғанин ауданының танымал тұлғасы Н.Қолдасбаев ағайдың үйіне барып, шаруашылығымен, бау-бақшасымен танысып, «Табысты тұлға» болудың түпқазығы еңбек екеніне тағы бір мәрте көз жеткізген. Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында «Бала және театр» үйірмесі құрылып, барлығы 34 сағатқа жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. 2023-2024 оқу жылында «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жобасы бойынша жасалған жұмыстар:

I тоқсанда Ақындар айтысы бойынша «Ер есімі – ел есінде» тақырыбымен ақын Оразалы Досбосыновтың өмір жолына арналған тарихи – танымдық кеш, «Айтыс – құдіретті өнер», «Айтыс – қазақтың төл өнері» тақырыптарымен 8 а, б сыныптарында сынып сағаттары өткізілген.

II тоқсанда «Алтын сақа» ұлттық ойындар насихатталды және «Алтын сақа» республикалық олимпиадасы өткізілді. 17 қараша күні «Алтын сақа» республикалық челленджі өткізілді. Челленджге 4,5,9,10,11 сыныптар белсенді түрде қатысты. Қыз балалар «Бес асық» ойынын, ер балалар «Бес табан» ойынын ойнады. 14 қараша күні 5 ә сыныбында «Асық ату» тақырыбымен сынып сағаты өткізілген.

Ұлттық ойындарды насихаттау, балаларды асық ойынына баулу мақсатында мектебімізде өткізілген республикалық «Алтын сақа» олимпиадасына белесене қатысқан.

III тоқсанда «Ұлттық өнер» көрмесі бойынша жұмыстар жасалды. Көрмені ұйымдастыру үшін оқушылармен бірге пән мұғалімдері түрлі ұлттық бұйымдар дайындады. «Ұлттық құндылық – халық қазынасы» атты апталық аясында да ұлттық өнер насихатталған.

IV тоқсан «Туған өлкем» фестивалі бойынша жұмыстар жүргізілді. «Құстарға қамқорлық жасайық» атты ана – аналармен бірлескен челлендж мектебіміздің 3 а, б, 2 ә, б сыныптарының оқушыларымен бірге өткізілген. Ата – аналар балалармен бірге құстарға ұя жасап, тал басына орналастырды, ұяның жасалу жолдарын түсіндіре отырып, балаларды еңбекке, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиеледі. 5-сыныптар аралығында табиғатты аялау, қамқорлық таныту мақсатында «Біз табиғатты қорғаймыз» атты плакаттар байқауы өткізілген.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте сәндік-қолданбалы, көркемөнер-эстетикалық, жаратылыстану-математикалық, тілдік, туристік-өлкетанушылық, дебат клубы, қоғамдық және ақылы негізде үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%
2022-2023	355	57%	406	66%
2023-2024	445	69%	505	79%
2024-2024	553	87%	424	67%

2023-2024 оқу жылы бойынша сәндік-қолданбалы, көркемөнер-эстетикалық, бағытындағы үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген.

№	Үйірме атауы	Жетекшісі
1	Суретші балапан	А.Хусайнов
2	Жас шебер	А.Аяп
3	Қолданбалы қолөнер	А.Аяп
4	Шебер қолдар	Г.Иманбаева
5	Әсем әуен	Е.Қожабаев
6	Волейбол	А.Тыныштық
7	Асық ату	Н.Нұрлыбаев

Сабақтан тыс өткізілетін қосымша үйірмелерге қатысым:

Мектепшілік үйірмеге қатысым:-481 бала-100%, қосымша білім алушылардың мектептен тыс үйірмелерге қамтылуы:-412бала-85%

Сабақтан тыс өткізілетін қосымша үйірмелерге қатысым: 553 оқушы 87 пайызды құраған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:

Үйірмелер, секция, клубтар	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Спорттық	50	15	7	3
Шығармашылық байқаулар	15	10	2	-
Дебат клубы	10	5	2	-
«Жас сақшы» тобы	3	-	-	-
БАРЛЫҒЫ	78	30	11	3

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 2022-2023 оқу жылы қала сыртындағы «Күншуақ » жазғы тынығу лагеріне 6 оқушы, «Шұғыла » лагеріне 9 оқушы барды. Мектеп жанындағы лагерьге барлығы 197 оқушы қатысты. 1 кезең бойынша 103 оқушы оның ішінде ыстық тамақпен 28 оқушы, 2 кезең бойынша 94 оқушы, оның ішінде ыстық тамақпен 20 оқушы қамтылды. 2023-2024 оқу жылы мектеп жанындағы лагерьге барлығы 466 оқушы қатысты. 1 кезең бойынша 247 оқушы оның ішінде ыстық тамақпен 36 оқушы, 2 кезеңде барлығы 219 оқушы, оның ішінде ыстық тамақпен 27 оқушы қамтылды. 2024-2025 оқу жылы қала сыртында Алматы қаласы «Бөбек» лагерьге 2 оқушы, Ақтөбе қаласы «Кэмпит» лагерьге 26 оқушы, Ақтөбе қаласы «Әлия» лагерьге 2 оқушы, Алға қаласы «Күншуақ» лагерьге 3 оқушы қамтылды. 2024-2024 оқу жылында мектеп жанындағы «Star Camp» жазғы лагерьге 1-кезең бойынша 273 оқушы қамтылды, соның ішінде 33 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 2-кезең бойынша 162 оқушы, оның ішінде 28 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 3-кезең бойынша 66 оқушы қамтылды.

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясы әлеуметтік төл құжаты бойынша 2021-2022 оқу жылында барлығы-478 оқушы. . Оның ішінде аз қамтылған отбасы-21 бала саны-42- бала саны-304 толық емес отбасы-17 отбасы, бала саны-22, қамқоршылықтағы-отбасынан-

оқушы-4, өгей әке тәрбиесінде отбасынан 4 оқушы, отбасы-инкзюзив 1 отбасынан 1 бала бала саны-1, үйден оқитын -1 отбасынан 1 оқушы.

2022-2023 оқу жылында Барлығы-478 оқушы, Атаулы көмек алатын отбасы отбасы- 16 отбасы- 34 бала жартылай жетім отбасы -9 бала саны-13, көп балалы отбасы балалары-304 бала бала толық емес отбасы10, ондағы бала саны-14 , Ата-анасымен бірге тұрмайтын ағайын туыстарының үйінде жатып оқитын-отбасынан-1 бала. Өгей әке тәрбиесінде-4 оқушы.ААҚК-1 отбасы 4 бала.Денсаулығына байланысты үйден оқитын – оқушы

